

"Жастардың іс-тәжірибесін" ұйымдастыру Ережесін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2004 жылғы 10 наурыздағы N А-3/71 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2006 жылғы 26 желтоқсандағы N А-11/486 қаулысы. Ақмола облысының әділет департаментінде 2007 жылғы 3 ақпанда N 3211 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 4 маусымдағы № а-6/243 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 4 маусымдағы № а-6/243 қаулысымен

" Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", " Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңдарына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жастардың іс-тәжірибесін" ұйымдастыру Ережесін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2004 жылғы 10 наурыздағы N№А-3/71 қаулысына (Ақмола облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 23 наурызда N№2364 болып тіркелген, 2004 жылғы 18 мамырда N№56 "Акмолинская правда" газетінде жарияланған), Ақмола облысы әкімдігінің 2006 жылғы 24 қаңтардағы N№А-1/43 қаулысымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар есепке алына отырып (облыстық әділет департаментінде 2006 жылғы 21 ақпанда N№3180 болып тіркелген, 2006 жылғы 6 сәуірде N№37 "Акмолинская правда" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулымен бекітілген "Жастардың іс-тәжірибесін" ұйымдастыру Ережесінің (бұдан әрі- Ереже):

5-тармағы келесі мазмұндағы 4,5-тармақшалармен толықтырылсын:

"4) "Жастар іс тәжірибесіне" қатысушы уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген, "Жастар іс тәжірибесінен" өтуге уәкілетті органмен осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес жеке еңбек шартын бекіткен жеке тұлға;

5) жұмыс беруші - "Жастар іс тәжірибесін"» ұйымдастыруға уәкілетті органмен осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес шарт бекіткен заңды немесе ж е к е т ұ л ғ а " ;

13-тармақ келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Уәкілетті орган жұмыссызбен осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес жеке еңбек шартын бекітеді";

14-тармақ келесі редакцияда берілсін:

"14. Жұмыссызды Жастар іс-тәжірибесінен өткізу үшін Жұмыс беруші жұмыссызды Уәкілетті органмен бекітілген шартта көрсетілген мерзімге "Жастар іс-тәжірибесінен" өтуге»қабылдағаны туралы бұйрық шығарады. Жұмыс беруші Жастар іс-тәжірибесіне қатысушыға білікті маман - тәлімгерді бекітеді";

15-тармақтағы "жеке еңбек шартының көшірмесін және/немесе", "жасалған жұмыс актілері"»сөздері алынып тасталсын;

18-тармақ келесі редакцияда берілсін:

"18. Уәкілетті орган, егер Жұмыс беруші тарапынан осы Ережеге 1-қосымшаның 2-тармағының 2-тармақшасында көзделген міндеттер орындалмаған болса, онымен бекіткен шартты бұзуға құқылы";

19-тармақтағы "еңбек шарты (контракт) бойынша"» сөздері алынып т а с т а л с ы н ;

Ережеге 1 - қосымшадағы:

2-тармақтың 2.2.1. - тармақшасындағы "саны _____" сөздері а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

ж а з б а ш а

2-тармақтың 2.2.3.-тармақшасы келесі редакцияда берілсін:

2.2.3. "Жастар іс-тәжірибесінің" мерзімі аяқталған соң "Жастар іс-тәжірибесіне" қатысушыға іс-тәжірибеден өткені туралы сын-пікір (кепілдеме х а т) ж а з ы п б е р е д і " .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ғ.М.Бекмағамбетовке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі